

**Қазақ ағартушысы, ақын, жазушы, педагог, қоғам қайраткері,
XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі
Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына орай
орнатылатын құрылыстың үздік жұмыс жобаларына республикалық
шығармашылық байқау өткізу шарттары**

Конкурстың мақсаты: XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің көрнекті өкілі Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына орай орнатылатын құрылыстың үздік жұмыс жобаларын (кемінде үш жұмыс жобасы) анықтау.

Конкурстың бағдарламасы:

Конкурсқа ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркем деңгейде қорытындыланып сәулеттік және ландшафттық ортамен көркемдік ансамбльдік үйлесімде болуы тиіс.

Құрылыс орнатылатын орын: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы мен Дулатов көшесінің қиылысындағы алаң.

Құрылыстың жұмыс жобасы келесі материалдарды қамтуы тиіс:

1. Құрылыстың атауын, негізгі сәулеттік-көркемдік және композициялық шешімдерді түсіндіре отырып, жалпы идеяны баяндайтын аннотацияны, жоба авторларының аты-жөнін, олардың байланыс телефондарын көрсете отырып, олар және олар іске асырған жобалар туралы басқа да жалпы анкеталық мәліметтерді, қолданылатын материалдардың, құрылысты дайындау тәсілінің (күю, кесу, қағу және т.б.) сипаттамасы мен негіздемесін, тұғырды әрлеу конструкциясының, аумақты абаттандыру элементтерінің сипаттамасын, аумақтың алаңы, жобаны заттай іске асыруды бастаудың және аяқтаудың мөлшерлемелері, болжамды құны және жоспарланған мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын түсіндірме жазба.

2. Мүсіндік-көркемдік және сәулеттік-қала құрылысы шешімдері бар эскиздік жобаның графикалық материалдары, тұғыры бар мүсіндік композицияның суреттер немесе фотосуреттер түріндегі үш бейнесі (жоспар, негізгі және бүйірлік көріністер) 1:10 масштабтан кем емес.

Республикалық шығармашылық конкурс аяқталғаннан кейін конкурсқа келіп түскен құрылыстың жұмыс жобалары 3 жұмыс күні ішінде Қостанай облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қарауына енгізіледі.

Комиссия республикалық шығармашылық конкурсқа келіп түскен жұмыс жобаларының ішінен кемінде үш жұмысты үздік деп таниды.

Хабарлама алғаннан кейін үздік жұмыс жобаларының авторлары 3 жұмыс күні ішінде Қостанай облысы, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 60 үй мекенжайы бойынша Мәдениет басқармасына ұсынуы тиіс:

1. Жарықтың төрт бағытын көрсете отырып, құрылысты орналастырудың жағдаяттық схемасы;

2. Құрылыстың бас жоспарының 1:500 масштабтағы макеті.

Құрылыстың жұмыс жобаларын келесі мекенжайларға жіберуге болады:

1. gostanai_mura@mail.kz

2. 110000, Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы 112, 107 кабинет, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда.

Тел. 8 (7142) 541069